КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМЫНЫҢ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАРЫ ТУРАЛЫ ҚОРЫТЫНДЫ ЕСЕБІ

Кәсіподақ ұйымының атауы: *«Оқу-ағарту, бюджеттік ұйымдар, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің "Жетісу" жергілікті кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің «І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының кәсіподақ филиалы*
Кәсіподақ ұйымының төрағасы: *Исабаев Абимурат Кажимуратович*
Есепті кезең: *01.09.2024-31.08.2025 ж.*

Кіріспе

Кәсіподақ ұйымы 2024-2025 оқу жылы өз қызметін қолданыстағы заңнама талаптарына, кәсіподақ ұйымының жарғысына, ұжымдық шартқа және жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүргізді.

Кәсіподақ ұйымының негізгі мақсаты – білім беру ұйымы қызметкерлерінің еңбек құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, әлеуметтік-экономикалық жағдайларын жақсартуға ықпал ету, еңбек ұжымындағы тұрақтылық пен өзара ынтымақтастықты қамтамасыз ету.

Есепті кезеңде кәсіподақ ұйымы қызметкерлердің әлеуметтік жағдайына, еңбек құқықтарының сақталуына, материалдық қолдау көрсетуге, мәдени-көпшілік және қоғамдық іс-шараларды ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлді.

2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР:

Кәсіподақ мүшелерін сауықтыру – ынталандыру жұмыстарымен тікелей байланысты бағыт. Кәсіподақ мүшелерін сауықтыру бойынша 2024-2025 оқу жылында 7 қызметкер 50% жеңілдікпен отандық шипажайларда сауықтырылды. Жұмсалған қаржының көлемі – 549 250 теңге. Сонымен «Алтын Шажа» балалар лагерінде кәсіподақ мүшелерінің балаларынан 4 бала демалып, 96 000 теңге қаражат бөлінді. Жалпы сауықтыру жұмыстарына кеткен шығын – **645 250 теңге.**

Денсаулығына байланысты күрделі ота жасалғанда, кәсіподақ мүшесінің жақыны қайтыс болғанда және т.б. жағдайда материалдық көмек көрсетіледі. 2024-2025 оқу жылында 35 кәсіподақ мүшесіне көмек көрсетіліп, жалпы **810 000 теңге** жұмсалынды.

Сонымен қатар 2024-2025 оқу жылында тұрмыс жағдайы осал кәсіподақ мүшелеріне ай сайын тегін тамаққа талон беру мүмкіндігі жүзеге асырылып, 10 қызметкер тізімге кірді.

Мерей жасқа (50, 60, 70, 75, 80, 85) толған, зейнетке шыққан 23 кәсіподақ мүшесіне сыйақы аударылып, жалпы **230 000 теңге** жұмсалды.

2024-2025 оқу жылы кәсіподақ пен спортклуб бірлесе ұйымдастыруымен өткен спорттық шараларға жұмсалған жалпы қаржы көлемі – **440 000 теңге.**

Кәсіподақ және спортклуб бірлесе ұйымдастыруымен университет профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлері арасында шахматтан Басқарма Төрағасы – Ректор Кубогі жарысы өтті. Жарыс қорытындысы бойынша ерлер арасында:

1 орынды – Жансүгіров колледжінің оқытушысы Кеңес Ерсін;
2 орынды – Гуманитарлық факультетінің оқытушы-дәріскері Буланов Ержан;
3 орынды – Құқық және экономика факультеті деканының ғылым жөніндегі орынбасары Болат Әлібек иеленді.

Ал әйелдер арасында:

1 орынды – Жаратылыстану-техникалық факультетінің оқытушы-дәріскері Имангазинова Жеміcжан;

2 орынды – Гуманитарлық факультетінің оқытушы-дәріскері Абайдельданова Меруерт;

3 орынды – Құқық және экономика факультетінің қауымдастырылған профессоры Шомшекова Балхия жеңіп алды.

Жүлделі орын алған оқытушылар университет кәсіподағы тарапынан ақшалай сыйлықтармен марапатталды (200 000 теңге).



Профессор-оқытушылар құрамы және қызметкерлер арасында «Көңілді жарыстар күні» жарысы ұйымдастырылды. Қатысушы командалар челноктық жүгіріс, баскетбол добымен жүгіру, кермеге тартылу, пресс, кедергілер арқылы жүгіру және арқан тартыс бойынша бақ сынасты.

Жарыс қорытындысы бойынша Физика-математика факультеті 1 орын, Жаратылыстану-техникалық факультеті 2 орын, Құқық және экономика факультеті 3 орынды иеленді. Жүлделі орын алған командалар университет кәсіподағы тарапынан ақшалай сыйлықтармен марапатталды (90 000 теңге)



Сонымен қатар университет оқытушыларынан құралған футбол командасының шағын футболдан Талдықорған қаласының чемпионатының жаңа маусымына қатысуына жарна (150 000 теңге) төленді.

2024-2025 оқу жылында мерекелік іс-шараларға жалпы 7 095 062,9 теңге жұмсалынды. Оның ішінде:


Профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерінің ағылшын тілінен біліктілік деңгейін арттыру мақсатында 3 ай бойы Speaking club жобасы жүзеге асырылып, жалпы 300 000 теңге жұмсалды.



Қараша-мамыр аралығында І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің профессорлық-оқытушылар құрамы мен қызметкерлері арасында «Zhetysu Квиз» зияткерлік ойыны сәтті ұйымдастырылды. Квиз университет кәсіподағы, процестерді цифрландыру және автоматтандыру бөлімі, жастар саясаты және әлеуметтік даму бөлімінің бастамасымен ұйымдастырылды.

Ойын қызметкерлердің кәсіби деңгейін, білімін және тапқырлығын арттыруға бағытталды. Қатысушылар өздерінің зияткерлік қабілеттерін сынап, білімдерін тереңдетуге мүмкіндік алды. Бұл іс-шара ұжымдық ынтымақтастық пен командалық рухты нығайтуға үлес қосты.

Қараша-мамыр айлары аралығында өткен «Zhetysu Квиз» зияткерлік ойынының жеңімпаздарын марапаттауға жалпы 160 000 теңге жұмсалды.






Қазан-сәуір аралығында университет қызметкерлерінің табиғат аясында атпен серуендеулеріне мүмкіндік жасалынды. Басты мақсат – кәсіподақ мүшелерінің денсаулығын нығайту, демалыстарын тиімді ұйымдастыру.

7 ай бойы әр апта сайын 10 кәсіподақ мүшесі табиғат аясында атпен серуендеп, демалысын көңілді өткізді. Жалпы 945 000 теңге қаражат жұмсалынды.





Ақпан айында Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде Ауған соғысының ардагерлеріне арналған «Ауған соғысында от кешкендер» атты әскери-патриоттық кеш өтті. Іс-шара батырларымыздың ерлігі мен қайсарлығын ұлықтауға, олардың жас ұрпаққа көрсеткен үлгісін насихаттауға бағытталды. Ерліктің даңқын көрсете білген ардагерлер соғыс жылдарындағы естеліктерімен бөлісті. Сондай-ақ, ардагерлерге университет кәсіподағы тарапынан сыйлықтар табысталып, жиынға қатысқан жастар ардагерлермен естелік суретке түсті. Жалпы 60 000 теңге қаражат жұмсалды.




Сәуір айында университет кәсіподағы мен әлеуметтік-шығармашылық жұмыс жөніндегі бөлімі бірлесе ұйымдастыруымен Наурыз мерекесіне орай ауқымды шара ұйымдастырылды. Шарада спорттық сайыстарға арналған арнайы алаң ұйымдастырылып,

қатысушылар өзара мықтыны анықтады. Олардың қатарында қол күрес, гір тасын көтеру, асық ату, қазақ күресі және тоғызқұмалақ сияқты жарыстар өткізіліп, жеңімпаздар марапатталды.Мерекелік шарада факультеттер мен құрылымдық бөлімдер қойылымдар қойып, халқымыздың ұлттық киім үлгілері дәріптелді. Ерлер және әйелдер арасында «Үздік ұлттық киім» жеңімпаздары, факультеттер арасында «Үздік киіз үй», «Үздік қойылым» жеңімпаздары анықталып, кәсіподақ тарапынан арнайы сыйлықтармен марапатталды.

Жалпы шараға 2 841 280 теңге қаражат жұмсалды.




І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде Ұстаздар күніне және 1 қазан Қазақстан Республикасының жоғары білім қызметкерлері күніне арналған «Ұстазын ұлықтаған - ел бақытты» атты мерекелік жиын өтті.

Салтанатты жиында көп жылдық жемісті еңбегі, білім беру және тәрбие жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін бірқатар қызметкерлер Алғыс хат, Құрмет грамоталарымен марапатталды. Атап айтқанда, Танабаев Омирзак Мергенбаевич «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының» Құрмет грамотасымен, Нурпеисова Алима Мейратовна, Тогизбаева Ляззат Жумакановна, Нургалиева Динара Базарбаевна, Джаманаева Гульшат Амангельдиновна «Оқу-ағарту, бюджеттік ұйымдар, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің "Жетісу" жергілікті кәсіподағының» Құрмет грамотасымен марапатталды.





«1 қазан – Қарттар күніне» орай университет Ақсақалдар кеңесінің мүшелеріне мерекелік дастархан жайылып, құттықталды. Жалпы 123 550 теңге жұмсалды.

Кәсіподақ мүшелерінің балаларына жаңа жылдық тәтті сыйлықтарға 1 496 954,9 теңге жұмсалынды.

Мерекелік іс-шаралар кезінде сахна безендіру жұмыстарына (Ұстаздар күні) 100 000 теңге, қосымша іс-шараларға (аттестация, құттықтау, сувенир) 201 278 теңге жұмсалды.

Мерей жас иегерлері, зейнетке шыққан қызметкерлерді құттықтау мақсатында гүл шоқтарына 461 000 теңге, құрметтеу шараларына ұлттық шапан, камзол алуға 406 000 теңге жұмсалынды.



Басқа да шығындарға кеткен қаражат – 249 000 теңге.

1С бағдарламасын ақпараттық қолдау қызметіне 64 000 теңге, Банк қызметі комиссиясына 69 100 теңге қаражат жұмсалды.

Еңбек демалысы кезінде Алакөл жағалауында орналасқан «Ақши» демалыс аймағына 50 университет қызметкері отбасымен демалды. Демалыс аймағы кәсіподақ тарапынан қажетті тұрмыстық заттармен қамтамасыз етіліп, 115 900 теңге жұмсалды.

«Оқу-ағарту, бюджеттік ұйымдар, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің "Жетісу" жергілікті кәсіподағы» қоғамдық бірлестігіне жарна (10%) 2 426 772,2 теңге аударылды.

«І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының кәсіподағының 2025-2026 оқу жылында атқарған жұмысына қорытынды

№	Атауы	2024-2025 о.ж.
1	**Емдік-сауықтыру жұмыстары**	**645 250**
	Шипажайда ем қабылдау	549 250
	Балаларды жаздық лагерьде демалту	96 000
2	**Материалдық көмек (жақындары қайтыс болуына, ақылы ота жасалуына байланысты)**	**810 000**
3	**Мерей жас (50,60,70,75,80,85) иегерлеріне сыйақы**	**230 000**
4	**Спортттық іс-шаралар:**	**440 000**
	«Көңілді жарыстар күні»	90 000
	Футболдан қалалық чемпионатқа қатысу	150 000
	Шахматтан «Ректор кубогі»	200 000
5	**Жалпы іс-шаралар:**	**7 095 062,9**
	Ағылшын тілінен Speaking club	300 000
	Атпен серуен	945 000
	Құттықтау гүлдері	461 000
	«Zhetysu Квиз» зияткерлік ойыны	160 000
	Ауған соғысы ардагерлерімен кездесу	60 000
	«әз-Наурыз» мейрамы	2 841 280
	Ұстаздар күні	100 000
	Қарттар күні	123 550
	Қазақи шапан, камзол	406 000
	Жаңа жылдық тәттілер	1 496 954,9
	Іс-шараларға қосымша заттар(су, сувенир)	201 278
6	**Басқа шығындар:**	**249 000**
	1С қолдау қызметі	64 000
	«Ақши» демалыс аймағына тұрмыстық тауарлар	115 900
	Банк комиссиясы	69 100
7	**10% облыстық кәсіподаққа**	**2 426 772,2**
8	**Жалпы шығындар:**	**11 896 085,1**

Кәсіподақ ұйымының 2024-2025 оқу жылына өзгертілген қаржылай көмек Сметасы

№	Қаржылай көмек атауы	Сумма
1	Мерей жас иелері (50, 60, 70, 75, 80, 85 жас)	10 000 теңге
2	Зейнетке шыққан оқытушы-профессорлар мен бөлім қызметкерлері	10 000 теңге
3	Материалдық-қаржылай көмек:	
	- жақындары(әкесі, анасы, жұбайы) қайтыс болғанда	20 000 теңге
	- денсаулығына байланысты	20 000 теңге
	- қызметкердің өзі қайтыс болғанда отбасына	50 000 теңге
4	Шипажайда ем қабылдағандарға жеңілдік:	
	- 250 000 теңгеге дейін	50%
	- 250 000 теңгеден асса	30%